



ALEM BANK KAZAKSTAN-ға өкілеттік беру туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 13 мамыр 1994 ж.
N 195-ө

КСРО Сыртэкономбанкінің есепшотындағы валюталық қаражатты қайтару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында ALEM BANK KAZAKHSTAN-ға Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде олардың өтініші бойынша Мәскеу қаласындағы КСРО Сыртэкономбанкінің шетел валютасындағы ағымдағы есепшотынан Қазақстан Республикасы жеке адамдар-резиденттерінің қаражатын аудару жөніндегі операциялар жасауға өкілеттілік табыс етілсін.

Қаражатты республикаға аудару шетел банктерінің бірінің корреспонденттік есепшоттары арқылы жүзеге асырылсын, келіп түскен валюталық қаражат сомасы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тоқсан сайын хабарланып отырсын.

Премьер-министр